

«Діні қуатты елдің – іргесі берік»

**Тек сабыр мен серіктестік арқылы
біз Лаңкестік, жаппай қырып-жою
және кез-келген өзге қарудың
таралуы, есірткі саудасы мен
оның салдары секілді бүкіләлемдік
зұлымдық көріністерімен күресте
жеңіске жете алмақпыз.**

Н.Назарбаев



БІЗ ТЕГІГІМІЗ ТҮРІК,
ДІНІМІЗ ИСЛАМ
ЕКЕНІН
ҰМЫТПАУЫМЫЗ
КЕРЕК. ОЛ ҮШІН
ҚАСИЕТТІ КІТАП
ҚҰРАН КӘРІМДІ
НАСИХАТТАУЫМЫЗ
КЕРЕК

Нұрсұлтан Назарбаев



Дін – қоғамның рухани өмірінің маңызды саласы. Ол Құдай мен адамның байланысы арқылы адам өмірінің мәніне айналған сана формасы.



Секта – әдетте орнықты діни ілімге оппозициялық ағым. Әлеуметтік, дүниетанымдық, ғұрыптық қарсылық түрінде пайда болады, тек өзінің ұстанған жолының дұрыстығына күмәнсіздігімен ерекшеленеді. Секталара тән нәрсе – өздерінің Құдайдың қалаулы адамдары екендеріне берк сенім , оқшауланушылық, секта мүшелерінің теңдігін жариялау.

□ Шамандық – ертеден келе жатқан діни наным.

Оның негізгі тұлғасы шаман – трансқа кіріп, ауру және кемтар адамдарды емдеп жаза алатын харизматикалық тұлға.

Шамандар – бұл ежелгі тәуіп, емшілер.

Атеизм – құдайды және оның құдіретін жоққа шығару. Кеңес заманында жоғары оқу орнында , студенттерге “ғылыми атеизм” деген пән оқытылды. Бұл пән дүниенің діни болмысын толығымен теріске шығарып, материалист көзқарасты негіздеп, содан ғылыми атеизм деген атауға ие болды.

Діни экстремизмге қарсы байланысты мектепішілік жылдық жоспар жасалып бекітілген. Жоспарда діни тәрбиелік іс-шаралар, мешіт қызметкерлерімен кездесулер, дебаттар, шығармалар көрсетілген.

Жоспар бойынша қаңтар айында «Мұхаммед пайғамбардың хадистері» тақырыбында 10 сыныпта ашық тәрбие сағаты өтті. 7 сыныптардың «Құранның әрбір сүресі-өмір шындығы» тақырыбында сынып жетекшілері А.Байгереева Н.Ақнұр, Г. Өтегеновалардың ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Мектепішілік «Дінім, ділім-өмірімнің тұтқасы» тақырыбында дебат клубының жетекшісі Б.Таңбаевтың ұйымдастыруымен 9 сыныптар арасында пікірсайыс өткізілді. Желтоқсан айында «Ислам дінінің тәлім-тәрбиелері» тақырыбында 8 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.

**ҚАРАША АЙЫНДА 8-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА
«ДІН ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕ» ТАҚЫРЫБЫНДА
ШЫҒАРМА ЖАЗДЫРЫЛДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР
ОҚУШЫЛАРҒА РАДИКАЛДЫ ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ІС-
ӘРЕКЕТІНЕ ҚАРСЫ НАСИХАТТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН
ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.**

**РУХАНИ ТАЗАЛЫҒЫ, ТӘН ТАЗАЛЫҒЫ ЖӘНЕ
ИСЛАМНЫҢ БЕС ПАРЫЗЫ ТӨҢІРЕГІНДЕ
ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫМЕН, КЕЗДЕСУЛЕР
ӨТКІЗІЛІП, ДІНИ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ
ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛДІ.**